

№ 1 «28» тамыз 2021 ж
Педкеңесте қаралды

Бекітемін:  Д.М. Елгондина
Мектеп директоры



Келісемін:  С.Т. Меруенов
«Ойыл аудандық білім бөлімі» ММ-нің басшысы
« 10 » қыркүйек 2021 ж.
№ 1 хаттама




Ертегілер елінде

Мектепалды даярлық тобы

Құрастырушы: Қалиасқарова И.К

Пайдаланушы : Желдибаева Марфуга Бактыгулкызы

Ә/Б отырысында қаралды:  А.Е. Акылбекова
(Ә/Б жетекшісі)

№1 хаттама 28 тамыз 2021 жыл

Тексерілді:  М.Б. Желдибаева

Оқу ісі жөніндегі орынбасары

2021-2022 оқу жылы

Ақтөбе облысы Ойыл ауданы Көсембай негізгі мектебінің мектепалды даярлық тобының жетекшісі
Желдибаева Марфуганың мектепалды даярлық тобына арналған «Ертегілер елінде» атты бағдарламасына

Пікір

«Ертегілер елінде» таңдау курс бағдарламасын тәрбиеші зерттеп, талқылап керекті ертегілерді балалардың жас ерекшеліктеріне сай алған. Қатынас саласы бойынша мақсат-міндеттері айқындалып, зерттеліп, ойын элементтерінің құрылымына сәйкес жазылған.

Бұл бағдарламада балаларды сахналап, рөлдерге бөліп жұмыс жасау дағдыларында көрсете білген. Бұл ертегінің тәрбиелік мәні зор, өмірімен байланыстырылып, адамгершілікке, мейірімділікке баулиды, үйретері мол.

Бағдарлама көзделген мақсатқа сай баланың жеке басын қалыптастыра отырып, балалар ұжымының дамуында басты роль атқарады. Балаларға ертегі арқылы халқымыздың тарихын, мәдениетін таныстыру қолға алынған.

Пікір жазған бірлестік жетекшісі:



А.Е. Акылбекова

Түсінік хат

Мектепалды даярлық топқа арналған бағдарламасы «Ертегілер елінде» деп аталады. Ертегілер балалардың ойын, қиялын, сөйлеу тілін дамытуда үлкен роль атқарады. Сондықтан тәрбиенушілер үшін ертегілерді оқытудың маңызы зор.

«Ертегілер елінде» бағдарламасында қиял-ғажайып, тұрмыс-салт, хайуанаттар жайындағы ертегілер қамтылған. Балалардың қабылдануына жеңіл, оқиғасы қызықты ертегілер таңдап алынды.

Балалар ертегілерді рөлдерге бөліп, сахналайды.

Ертегіні қою барысында балалар әр түрлі құралдарды пайдаланады, басқа да ойыншылармен қарым-қатынасқа түседі. Рөлін іс-әрекетпен, сөйлеумен, мимикамен, пантомимикамен білдіреді.

«Ертегілер елінде» бағдарламасы балалардың тұлғалық дамуын қамтамасыз етіп және оны мектепке дайындауға бағытталған.

«Ертегілер елінде» бағдарламасының жылдық жүктемесі 33 сағатқа құрылған. Апталық жүктемесі -1сағат.

Мақсаты: балаларды топтастырып, бірге ертегіні сахналауға, рөлдерді орындауда икемділік, шынайлық, бірлесіп әрекет етуге үйрету, сөздік қорын, тіл байлығын дамыту.

Міндеттері: Топпен жұмыс жасауды, өзіне жүктелген міндеті толық атқаруды, бастаған істі төзімділікпен аяқтауды. Балалардың әлеуметті ортада бір-бірімен дұрыс қарым-қатынас жасаудың дағдыларын жетілдіру.

Күтілетін нәтиже: - Ертегі кейіпкерлерінің рөлін орындауға икемді болуды дамытып, өзінің жеке тілектестігін көрсетеді.

- Ертегі барысын үнемі өзгертіп, ауыстырып, мүмкіндігін қамтамасыз етіп отырады.
- Ойыншылардың арасында жолдастық қарым-қатынас қалыптастырады.
- Ертегіде бала шығармашылыққа еркіндік береді.

№	Тақырыбы	Мақсаты	Сағат саны	Күні	Көрнекілігі
1	«Алтын балық» ертегісі	-Су асты тіршілік иелері туралы түсінік беру, зейінін дамыту: -Ертегіні толық мазмұндау: -Суреттер арқылы рөлге бөлу	1 1 1	2.09 9.09 16.09	Ертегі кітабы, ертегі кейіпкерлерінің сюжетті суреттері.
2	«Алтын сақа» ертегісі	Ертегі кейіпкерлерінің сипаты арқылы жақсы қасиеттерге баулу -Ертегіні толық мазмұндау: -Суреттер арқылы рөлге бөлу -Буклет жасай білу	1 1 1 1	23.09 30.09 2.10 14.10	Кейіпкерлердің суреттері бар буклет
3	«Қызыл телпек» ертегісі	Ертегі кейіпкерлерінің жағымды, жағымсыз қасиеттерін көруге үйрету. Ойын нақты және түсінікті етіп жеткізе білуге дағдыландыру.	2 2	21.10 28.10 11.11 18.11	Қолғап қуыршақтары.
4	«Бауырсақ » ертегісі	Өзара сүйіспеншілік қарым-қатынасқа тәрбиелеу; -Ертегіні толық мазмұндау: -Суреттер арқылы рөлге бөлу	1 1 2	25.11 2.12 9.12 15.12	Ертегі кейіпкерлерінің атрибуттары.
5	«Жеті лак» ертегісі	Ұжымда бірлесіп әрекет ете білу дағдыларын қалыптастыру. -Ертегіні толық мазмұндау: -Суреттер арқылы рөлге бөлу	1 2 1	23.12 30.12 13.01	Қолғап қуыршақтары
6	«Мақта қыз бен мысық» ертегісі	Сөздік қорын молайту, үй жануарларына деген қамқорлыққа тәрбиелеу.	1	20.01	Сахналық қойылым.

		-Ертегіні толық мазмұндау: -Суреттер арқылы рөлге бөлу	1 1	27.01 10.02	
7	«Қарлығаш пен дәуіт» ертегісі	Достыққа, сүйіспеншілікке тәрбиелеу. -Ертегіні толық мазмұндау: -Суреттер арқылы рөлге бөлу	1 1 1	17.02 24.02 3.03	Ертегі кейіпкерлерінің атрибуттары
8	«Үйшік» ертегісі	Ертегі арқылы қайырымды, мейірбан болуға тәрбиелеу. -Ертегіні толық мазмұндау: -Суреттер арқылы рөлге бөлу	1 1 1	10.03 17.03 14.04	Сахналық қойылым
9	«Шалқан» ертегісі	Балаларға ертегі туралы түсініктерін кеңейтіп, айырмашылығын ажырата білуге үйрету. Сөздік қорларын молайту. -Ертегіні толық мазмұндау: -Суреттер арқылы рөлге бөлу	1 1 1 1	21.04 26.04 28.04 5.05	Ертегі кейіпкерлерінің атрибуттары
10	Қорытынды	Балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту, жақсылық жасауға, достыққа, өз ойларын еркін жеткізе білуге дағдыландыру.	2	12.05 19.05	Ертегі кейіпкерлерінен жасалған көрме
Барлығы:			33		

Пайдалынган әдебиеттер тізімі:

1. Көркем әдебиет, әдістемелік құрал «Аруна» баспасы
2. Воспитание и обучение в средней группе детского сада. Программа и методические рекомендации /сост.М. Б. Зацпина-М.: Мозаика-Синтез,2008-192с.
3. «Ертегі сыр шертеді» балаларға арналған ертегілер жиынтығы.
4. «Отбасы және балабақша» журнал,2010-2014ж.
5. Мектепке дейінгі білім-тәрбие әдістемесі, № 1,2 2014ж.
6. «Зерек бала» мектепке дейінгі кіші жастағы балаларды тәрбиелеу мен оқыту бағдарламыс. Астана,2009ж.
7. Үй жануарлары Ж.Қалжанова Аруна, баспасы
8. Отбасы және балабақша Журнал
9. Ерте,ерте,ертеде Журнал Педагогика пресс
- 10.Балдырған Журнал Алматы, 1998